

ӨМІРІ ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ ТҰЛҒА

ЖАҢАША БАҒЫТТАҒЫ ЖҰМЫС

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы еліміздегі оқу-ағарту салалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына тың серпін берді. Филология және әлем тілдері факультетінде жаңадан ашылған Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығы осы жалпы халықтық мәні бар аса маңызды бағдарламаны жүзеге асыруға өз үлесін қосуды мақсат етеді.

Жалғасы 4-бетте

Жол картасы талқыланды

Кезекті ректорат мәжілісі Экономика және бизнес жоғары мектебінің кафедраларын алға жылжыту бойынша жол картасын талқылау тақырыбынан басталды.

Мінбеге шыққан қаржы кафедрасының меңгерушісі Мая Арзаева 2018-2019 оқу жылында «Қаржы» мамандығы бойынша PhD докторларын даярлауға грант бөлу туралы ҚР Білім және ғылым министрлігіне хат жазылғанын айтып, QS Subject Ranking бойынша жоспарланған тапсырмалардың орындалу барысына тоқталып өтті. Оның айтуынша, жаңа оқу жылынан бастап «Қаржы» мамандығы бойынша ағылшын тілінде білім беру бағдарламасын іске асыру жоспарлануда. Бұл шара ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының санын арттыруға бағытталған.

Ол шетелдік әріптестермен бірлесіп мақалалар жариялау, шетелдік студенттерді тарту, ағылшын тіліндегі контингентті және косдипломды білім беру бағдарламалар санын өсіру мәселелеріне назар аударып, кафедра ғалымдарының еңбектерін импакт-факторлы Thomson Reuters және Scopus-та индекстелетін «Springer» рейтингтік журналдарда ғылыми мақалалар санын арттыру бойынша оқытушыларға міндеттер жүктелгенін атап айтты.

Кезекте менеджмент және маркетинг кафедрасының меңгерушісі Қарлығаш Мұхтарова: «Университетіміздің бәсекеге қабілеттілігін көтеруде, қоғамдағы имиджін қалыптастыруда және студенттер мен оқытушылардың ағылшын тілінде академиялық коммуникативтік икемділіктің дамуына жағдай жасауда шетел ғалымдарын шақыру білім алушылардың хабардарлығын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан да біз биылғы жылы Еуропадан шетелдік профессорларды шақыруды жоспарлап отырмыз», — деді. Сонымен қатар ол барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, академиялық ұтқырлық, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттарындағы негізгі мәселелерге назар аударды.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да белгілі қоғам қайраткері, жазушы, публицист, филология ғылымдарының докторы, ҚР Журналистика академиясының академигі Мұрат Әуезовке арналған «Өнегелі өмір» сериясымен жарыққа шыққан кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Аталмыш кітапта өмірбаяндық мәліметтер, таңдаулы туындылар, замандастары мен әріптестерінің естеліктері, сонымен қатар мұрағаттық деректер мен әртүрлі жылдардағы суреттер көрініс тапқан. Салтанатты жиынға филология ғылымының докторы, профессор Айгүл Исмакова, әдебиеттанушы Светлана Викторовна, филология ғылымдарының докторы Альмира Наурызбаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Смағұл Елубай, тарихшы Әміржан Әлпейісов қатысты. Сонымен қатар шараға ҚР Сыртқы істер министрлігі өкілдері келіп, Мұрат Әуезовтің 75 жылдығына орай министр Қайрат Әбдірахмановтың арнайы құттықтау хатын оқып берді.

Жиында алғашқы болып сөз бастаған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Елі мен жері үшін талмай еңбек еткен адамдардың өмірі мен қызмет жолын насихаттап, жастарға үлгі ететін университетіміздің «Өнегелі өмір» сериясының жаңа шығарылымы ұлттық әдебиетіміздің, мәдениетіміздің көрнекті өкілі Мұрат Әуезовке арналып отыр. Мұрат Мұхтарұлы — жастайынан өзінің елі мен жеріне деген асқан сүйіспеншілігін көрсетіп келе жатқан ұлттық мақтанышы. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің шығыс тілдері институтында қытай тілін меңгеріп жүрген студенттік шағынан бастап, қазақстандық жерлестерімен бірге Мәскеуде ұлттық сана мен ата-бабамыздың тарихын насихаттап, «Алаш-Орда» идеясын зерделеп, дүйім жұртқа тарату мақсатында «Жас тұлпар» бейресми жастар қозғалысын ұйымдастырған.

Сонымен қатар 1989 жылы құрылған «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысының бастауында да тұрған азаматтардың бірі әрі бірегейі өмірі өнегеге толы ұлтымыздың мақтанышы Мұрат Мұхтарұлы болатын», — деп жылы лебізін білдірді.

Шарада сөз алған Мұрат Әуезов: «Маған сіздің туындыларыңызды, естеліктеріңізді жинақтап, «Өнегелі өмір» сериясымен кітап қылып жарыққа шығарайық деп ұсынғанда, шыны керек, өте қатты қуандым. Сондықтан осы бір кітаптың шығуына себепші болған Ғалым Мұтанұлына шексіз алғысымды білдіргім келеді. Біздің бойымызда жастайымыздан ұлтқа деген құрмет әрқашан да басым болатын. Осында көптеген жастар жиналып отыр. Еліміздің ертеңі — сіздер, демек, келешек ұлттың жанаңшыры да сіздер, сондықтан да тек алға қарай талпынындар», — деп жиналған көпшілік қауымға өз ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ университет басшысы Мұрат Мұхтарұлына Әл-Фараби Үлкен алтын медалін табыстап, сый-сияпат көрсетті. Еліміздің әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан дара тұлға Мұрат Әуезовтің өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа үлгі болып, елі үшін жасаған еңбегі, жазған туындылары халықтың рухани қазынасын байыта түскені хақ.

Айта кету керек, көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы университеттік «Өнегелі өмір» сериясы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен тұрақты түрде «Қазақ университеті» баспасынан шығарылып келеді.

Баспасөз қызметі

БҮГІНГІ САНДА:

КАЗНУ НАЗВАН САМЫМ
НЕКОРРУМПИРОВАННЫМ
ВУЗОМ

2-стр.



ТӘУЕЛСІЗ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА
ӘЛПБИІНІҢ РӨЛІ ЗОР
БОЛМАҚ

3-бет



ЖАСТАР –
БОЛАШАҚҚА
ЖОЛ БАСТАР

6-бет



КАЗНУ НАЗВАН САМЫМ НЕКОРРУМПИРОВАННЫМ ВУЗОМ

Как сообщает корреспондент Tengrinews.kz, КазНУ им. аль-Фараби назван самым некорруппированным вузом.

«Университеты, в которых практически нет коррупции, я могу назвать: Университет Нархоз и КазНУ имени аль-Фараби. Я лично была там, ознакомлена со всеми мероприятиями, которые приняты в этих университетах. Все решения автоматизированы, переданы коллегиальным органам», — сообщила руководитель департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по городу Алматы Айгуль Байханова на пресс-конференции в региональной службе коммуникаций.

Она отметила, что в КазНУ все автоматизировано, начиная с распределения



мест в общежитии, заканчивая отправлением студентов на международное обучение.

«То же самое сделано в Нархозе. У них сдаются экзамены под наблюдением множества

видеокамер. Принимают экзамены не те учителя, которые читали лекции, а другие», — сказала Байханова.

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жол картасы талқыланды



Жоспарға сәйкес оқыту үдерісі мен оқыту сапасын бақылау мақсатында барлық пәндердің жоспарланған кестеге сай өтуіне назар аударған меңгеруші ағылшын тілінде оқытылатын пәндер санын көбейту мен QS Subject ғылыми бағыттарының рейтингінде алға жылжу үшін халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажет екендігін айтты.

Баяндама жасаған басқа да кафедра меңгерушілері болашақта кафедраның белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жол карталарын ұсынып, өзге де өзекті мәселелер кеңінен талқыға түсті.

Мәжіліс барысында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілі Олег Честнов университет ректоры мен ұжымына екіжақты тиімді ынтымақтастық мәселелерін қарастырған кездесуді ұйымдастырғаны үшін алғыс жариялады. Жиын соңында Қазақстандағы БҰҰ Қоғамдық ақпарат департаментінің директоры Властимил Самектің Қазақстандағы БҰҰ қызметінің мерейтойына арналған іс-шараны өткізуге атсалысқаны үшін университет фотографы Марат Жүнісбековке алғыс хат және ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымындағы Қазақстанның өкілі Асқар Тұрғанбаев шығыстану факультетінің студенттеріне шәкіртақылар табыстады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Майкрософт о КазНУ

Всемирно известная компания «Майкрософт» сняла и разместила на своем сайте видеоролик об успешном создании цифрового университета и внедрении передовых IT-технологий в КазНУ им. аль-Фараби.

Видеоматериал показывает яркий пример эффективной автоматизации всех бизнес-процессов и использования инновационных IT сервисов, а также рассказывает об одном из ключевых направлений — внедрении облачной службы бизнес-аналитики «Microsoft Power BI».

«Майкрософт» являясь стратегическим партнером КазНУ высоко оценила работу университета среди вузов мира в широком применении IT технологий и облачных



сервисов. По мнению экспертов компании внедрение аналитической системы вывела деятельность университета на качественно новый цифровой уровень.

Следует отметить, что в прошлом году КазНУ единственный из вузов стран СНГ презентовал на саммите «Microsoft Campus Connections» проект «Е-campus» в штаб-квартире в Редмонде (США), вызвавший большой интерес у представителей компании и зарубежных вузов. В этом году в апреле КазНУ представит свой IT-опыт работы на этом саммите в Лондоне (Великобритания).

Пресс-служба

Химия жизни

В КазНУ им. аль-Фараби прошла презентация книги о докторе химических наук, профессоре, академике Хабибулле Оспанове из серии книг «Өнегелі өмір».

Хабибулла Оспанов — автор многих научных открытий и изобретений, более 20 монографий и учебных пособий. Его заслуги отмечены Общенациональной независимой премией «Платиновый Тарлан» в номинации «Наука» и премией Академии минеральных ресурсов РК имени академика Е.А. Букетова — за технологические разработки по применению хлорных гидрометаллургических процессов при комплексной переработке минерального сырья. Под руководством профессора в Казахстане основаны новые научные направления: «Разработка физико-химических основ общих принципов прогнозирования свойств сложных молекул (минералов) и скорости неизученных конкурирующих реакций» и «Химия унитиола». Труды ученого и его научная деятельность получили признание и за рубежом. В 2011 году Международная ассоциация по водородной энергетике, (США, Майами), номинировала профессора Х.Оспанова на Нобелевскую премию в области химии.

«Благодаря удивительному упорству и научной смелости Хабибулла Оспанов внес существенный вклад в теорию управления физико-химическими процессами и последовательного растворения минералов и неорганических материалов с



целенаправленным изменением их свойств, что очень важно для химической промышленности, гидрометаллургии, геохимии. Хабибулла Оспанов осуществил свою давнюю мечту — создал теорию применимую в практике», — сказал ректор КазНУ Галым Мутанов.

«Хабибулла Кусаинович создал научную школу сильных химиков, которая известна во многих странах мира. Его ученики — доктора, профессора Е.Абланова, Д.Камысбаев, А.Оспанова, А.Нухулы, Р.Омарова — замечательные ученые и педагоги нашей страны», — отметил директор Института проблем горения при КазНУ им. аль-Фараби Зулхаир Мансуров.

А. АЛИЕВА

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Жуырда Шығыстану факультетінің Түрксой кафедрасы мен Түркі халықтары мәдени қоры арасында ресми кездесу өтті.

Шара барысында шығыстану факультетінің деканы Ы.Палтөре, Түрксой кафедрасының меңгерушісі Т.Қыдыр, ф.ғ.д., профессор Р.А.Авакова, PhD докторлар — Е.Есбосынов, А.Әбуовалар аталмыш қормен бірге атқарылатын жұмыстар жайын талқылады. Соның ішінде Түрксой кафедрасы «Түркі әлемі» газетінде арнайы бетті әзірлеуді өз мойнына алды. Газет бетіне қазақ зиялыларының еңбектерін ұсынумен қатар қазақ әдебиетін түркі тілдеріне аудару және шығыстанушы-түрколог мамандығында оқитын студенттердің тырнақалды туындыларын жариялауды жоспарлады.

Сондай-ақ «ТА» смарт-теледидарының жауапты редакторы Ихсан мырзамен де Қазақстандағы түркологияның жай-жапсарын, даму қарқынын зерделейтін бағдарламаларды жүргізу жайы сөз болды.

Ш.Д. БҮРКІТБАЕВА

Түрксой кафедрасының 1-курс докторанты

ҚазҰУ-дың қытайтану кафедрасы мен ҚазҰУ жанындағы Конфуций институты бірлесіп, Алматы қаласының жоғары оқу орындары арасында Қытайдың көктем мерекесі — Чуньцзәні үлкен деңгейде атап өтті.

Шараға ҚХР-ның Алматы қаласындағы бас консулы Жаң Уй, Алматы қаласындағы мәдениетке жауапты консул Уан Чинпин, ҚазҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры А.Хикметов және шығыстану факультетінің деканы Ы.Палтөре қатысты.

Аталмыш мерекеге орай шығыстану факультетінің студенттері үлкен концерттік бағдарлама қойып, ашық аспан астында қытайдың ұлттық тағамдарынан дастархан жайылды. Шара қонақтарға керемет көңіл-күй сыйлады.

Абдурақын НҰРХАЛЫҚ,
қытайтану кафедрасының аға оқытушысы

Медеу мұз айдынында «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 3-курс студенттерінің қатысуымен «Саламатты дене мәдениеті» жобасы аясында «Спорт — денсаулық кепілі» атты тәрбиелік іс-шара өтті.

Қазақ халқы «Тәні саудың — жаны сау» деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру — ұзақ үрдіс, бірақ бұл нағыз денсаулықты сақтайтын және нығайтатын жолдардың бірі. Сол себептен шараның басты мақсаты студенттерге спорттың маңыздылығын ұғындыру, таза ауада демалу арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулықты сақтауға деген жауапкершілікті насихаттау болып табылады.

Н.Н. ХИБИНА,

з.ғ.к., аға оқытушы

В КазНУ презентовали книгу «Өнегелі өмір», посвященную 75-летию видного общественного деятеля и писателя М. Ауэзова

ӘЛІПБИДІҢ ЖАҢА НҰСҚАСЫ ТІЛ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ҚУАТТАЙДЫ

Латын графикасына негізделген әліпбидің қоғамдық талқылаудан өтіп, сараптауға түсуін және тіл жанашырларының осы тақырып бойынша белсенділік көрсетуін әрі оған құзырлы мекемелердің терең мән беруін қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғамның белгісі деп қабылдауға болады. Күні кеше әліпбиге енгізілген өзгерістердің жариялануы және бұл әліпбидің бұрынғы үлгіден өзгеше рең алуы еліміздің рухани жаңғыру жолындағы жарқын көріністерінің бірі ретінде тарихта қалары сөзсіз. Осы бір игілікті шараның әрқашан Елбасы назарында болғандығын да айта кеткен жөн.

Жалпы алғанда ғалымдар әліпби ауыстырудың үш деңгейі бар екенін көрсетеді. Оның біріншісі — әліпби деңгейі, екінші — таңба деңгейі, үшінші — емле-ереже деңгейі, яғни сөздерді қабылдауға және дұрыс тануға икемді етіп жазу жүйесі. Әліпби жасаудағы басты ғылыми принцип — қазақ тілінің төл

Латын графикасына негізделген қазақ тілі ӘЛІПБИ

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ŋ ŋ	[ŋ]
2	Ä ä	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[ø]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[q]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[ɢ]	23	S s	[c]
8	Ğ ğ	[ɢ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[ʏ]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[y]
11	І і	[ɨ], [ɨ̞]	27	V v	[v]
12	J j	[ʝ]	28	Y y	[ɣ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[ɣ]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

дыбыс құрамын анықтап алуға негізделетіні анық. Таңба болса перцепциялық (естілім) емес, артикуляциялық (жасалым) принципке

сүйеніп алынуы керек. Алынған таңба қазақ сөзінің морфем құрамын, буын сипатын, тасымал ретін бұзбайтындай болуы шарт. Осы тұрғыдан алғанда жаңа әліпби көзбен көріп тануға және көзбен кармап оқуға (А.Байтұрсынұлының сөзі) өте икемді екені бірден байқалады. Дыбыстың таңбалық қасиетіне көпшілік болып тоқтаған екенбіз, ендігі кезекте емле-ережелер жүйесін қазақ тілінің табиғатына лайықты етіп қалыптастыру күн тәртібінде болмақ. Шынын айтқанда, бұл — тілшілер мен әдіскер мамандар алдына тұрған кезек күттірмейтін міндеттер.

Бұл мәселе дауысты дыбыстың таңбасы деп жүрген «и» мен «у» әріптеріне де тікелей қатысты. Халықаралық термин сөздер (мысалы: инерция, субсидия және т.б.) мен қазақ тіліндегі кейбір сөздерде жазылатын (мысалы: кия, суық, ми және т.б.) бұл таңбаларды латын графикасындағы қазақ

тіліне де енгізіп, заңдылық қатарына қосу және оны қайтадан дауысты дыбыстың әріп-таңбасы деп табу — атқарылған жұмысты зая кетірумен бірдей. Бұларды осы бастан реттестіріп алу қазақ тіліне жасалған үлкен жанашырлық деп білеміз.

Түптеп келгенде, латын графикасына көшу барысындағы шараны жазу реформасына айналдыру қажет. Атап айтқанда, қазақ әліпбиі бұрынғыдай құрамды емес, таза төл дыбыстарға негізделген болып түзіледі, қазақ сөзінің үндестік заңына нұқсан келтірмейтін болады, қазақ сөзінің морфем құрамы дұрыс сақталатын болады, қазақ сөзінің буынға бөлу реті орнына келеді, соның нәтижесінде тасымал сетінемейтін болады. Нәтижесінде оқу-әдістемелік құралдар түсінікті ережелермен толығады, басы артық 40-тан аса емле-ереже жойылады деп ойлаймыз.

С.Ш. АҚЫМБЕК,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
филология және әлем тілдері факультеті
қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі,
доцент

ЛАТИНИЦА КАК ДУХОВНОЕ ОБНОВЛЕНИЕ

На современном этапе в самых широких кругах общественности обсуждается вопрос перехода казахского алфавита и казахской графики на латиницу. Еще до обретения независимости среди казахской интеллигенции поднимался вопрос о необходимости перехода на латиницу.

После обретения независимости в обществе бурно дискутировали вокруг вопроса «...о возможности перехода на латиницу». Тему перевода казахского языка на латиницу с начала века поднимали несколько раз. Из истории известно, что казахский язык берёт свое начало с VI-VII веков, когда на материке Евразия появилась древнетюркская руническая письменность, известная в истории как орхоно-енисейская письменность. Это один из древнейших алфавитов в истории человечества. В V-XV веках тюркский язык был языком межнационального общения на большей части Евразии. К примеру, официальные документы и международные письма и сообщения Золотой Орды были написаны на древнетюркском языке. После внедрения ислама рунические записи постепенно начали исчезать, и с X до XX века, в течение 900 лет на территории современного Казахстана использовали арабский алфавит. В X-XX веках казахи использовали арабскую письменность. Латинский алфавит в Казахстане просуществовал недолго, и в 1940 году казахская письменность перешла на кириллицу. В XX веке в казахском обществе трижды менялась письменность.

Наряду с историческим прошлым, культурой и территорией, язык всегда является главнейшим объединяющим началом любой нации, любого государства. Глава государства в своей программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» одним из ключевых приоритетов определил поэтапный переход казахского языка на латиницу. И этот процесс, я полагаю, действительно не терпит спешки. Быть конкурентоспособным, значит войти в это пространство, и не просто войти, а использовать на благо будущих поколений. Сейчас сложились благоприятные социальные и экономические условия для перевода казахской графики на латиницу. И казахстанское общество должно понять, что реализация предложения по переводу казахского алфавита с кириллицы на латиницу в итоге еще больше сплотит нацию, приблизит нас к современным достижениям

научно-технического прогресса и приведет к дальнейшей интеграции Казахстана в современные мировые коммуникационные процессы. Мы знаем, что процесс подготовки латинской графики для казахского алфавита был непростым. За несколько лет предложений от экспертов поступало много. Споры, разногласия, дискуссии. И наконец, свершилось!

Переход на латиницу — своеобразный символ обновления, нашего выбора и использовать тот алфавит, который более полезен, продуктивен для народа. В настоящее время в мире свыше 90 процентов всей информации о новых изобретениях, технологических прогрессах, всевозможные фундаментальные научные исследования публикуются с использованием латинских букв. Большинство государств организации экономического сотрудничества и развития тоже используют латинскую графику. Отметим, что нынешнее решение о переходе казахского алфавита на латиницу имеет исторические корни и предпосылки, а в реалиях современности это необходимый шаг и импульс всестороннего развития.

Алматы — духовный, научный и культурный центр, здесь сосредоточена научная и творческая элита страны. Важную роль в жизни республики играют молодые ученые, которые должны внести свой посильный вклад в исторический момент развития государственного языка. Выбор в пользу латиницы — это возвращение к нашей истории, истокам. При этом значение кириллицы не умаляется, а новый лингвистический курс позволит быстрее и эффективнее интегрироваться в глобальное пространство. Но самое главное, что, используя латиницу, мы становимся ближе к всему миру. Латинский алфавит — это уже наша повседневная реальность, ежедневная практика. Хочется отметить, что введение латиницы — это очень крупный гуманитарный духовный шаг.

Нуржан КУЛУМЖАНОВ,
докторант 2 курса специальности
«Культурология»

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», – деп жазған болатын.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әліпбиінің рөлі зор болмақ

Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиін енгізу, Елбасы айтқандай, Қазақ елі тәуелсіздігін алғаннан бері қойылған еді. Қазақстан бұл үлкен қадамға бару үшін асыққан жоқ. Бұл стратегияның тиімді болғанын латын қарпін шұғыл енгізген алыс және жақын түркі тілдес мемлекеттердің әліпбиінде кеткен олқылықтар дәлелдеп отыр.

Алғашқы әліпби диграфтар мен диакритикалық белгілерге негізделген жоба болатын. Оның артықшылықтары мен кемшіліктерін Парламент пен халық сараптады. Кейін әліпбидің екінші — апострофтар нұсқасы жасалынып, Қазақстан халқына ұсынылды. Дегенмен бұл әліпби де көпшіліктің көңілінен шықпады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» 20 ақпанда жарияланған Жарлығы бойынша әліпбиіміз жаңа редакцияда жазылатын болып шешілді. Өз басым, осы соңғы нұсқасына назарым ауып, бұрынғы үлгілерге қарағанда жаңа әліпби жобасы лингвистикалық тұрғыдан көш ілгері және тіліміздің заңдылықтарына сай келеді деп ойлаймын.

Қазіргі Қазақстанда жүріп жатқан модернизациялау үдерістерінің контекстінде латын әліпбиіне көшуіміз қазақстандықтардың тілдік стратегиясына ықпал жасайтын факторларға әсер етіп, қазіргі тілдік жағдайда әрекет етіп жатқан қазақ және орыс тілдерінің әлеуметтік-мәдени статусына, еліміздегі тілдік үдерістерде мемлекеттік тілдің нығаюы мен оны оқып-үйренуге деген қызығушылықтың артуына мол мүмкіндік береді деп есептеймін.

Қазіргі қазақстандық мәдени бірегейлік мәселесінің өзектілігі жағдайында мәдени-тілдік дәстүрді сақтап қалу механизмдерін

анықтау, тілдің этноұлттық мәдени-тарихи тәжірибені жинақтап сақтау, бекіту және тасымалдаудың басым арнасы ретіндегі орнын танып-білу үшін, енгізілейін деп отырған латын қарпі негізіндегі қазақ әліпбиінің ана тіліміз бен мәдениетімізді отаршылдық пен тоталитаризм арқылы сіңген мәдени-тілдік «қоқыстан» рухани тазаруға өз септігін тигізері анық.

Жаһандану үдерістерінің қарқындылығына байланысты қазақстандық мәдени-тілдік кеңістікті бейнелейтін дискурстың әлемге танылуы үшін тәуелсіз Қазақстанның жаңа әліпбиінің қызметі мен рөлі зор болмақ.

Қазақстанда болып жатқан тілдік үдерістердің, соның ішінде латын әліпбиінің енгізіліп, оның кең қолданылу нәтижесінде елімізде мәдени-тілдік жағдай өзгеріп, өзегінде қазақ тілі болған жалпықазақстандық мәдениеттің пайда болуына, қалыптасуына, орнығуына, дамуына ықпал жасайды деп ойлаймын.

Социолингвистикалық терминдер сөздігі тілдік үдерістерге тілдік ауысу, тілдік ығысу, тілдің ревитализациясы, билингвизм, полилингвизм, семилингвизм, кері тілдік ауысу сияқты құбылыстарды жатқызады. Біздің ойымызша, аталған тілдік үдерістердің ішіндегі қазіргі таңда ең өзектісі — қазақ тілінің ревитализациясы, яғни «мың өліп, мың тірілген» ана тіліміздің «өз елі, өлең төсегінде» жанданып, жаңғырып, жаңа Қазақстанның төрінен лайықты орнын алып, қазақстандық мәдениеттің тіліне айналуы.

Қазақстандық мәдениеттің өзегінде жаңа латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің болмысы мен өміршендік қызметі жарқырап тұруы тиіс.

Амангелді ЖАНБАТЫР,

дінтану және мәдениеттану кафедрасының
3-курс PhD докторанты

Курс для прокуроров

Преподаватели кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики КазНУ им. аль-Фараби прочитали лекции сотрудникам городской и районных прокуратур на курсах повышения квалификации в Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК в г. Алматы.

Юридический факультет активно развивает сотрудничество с органами прокуратуры. Студенты проходят практику и стажировку, проводятся совместные учебно-образовательные и воспитательные мероприятия, осуществляется взаимодействие и в научном направлении.

Курс лекций слушателям на разные темы читали профессор Л.Ш.Берсугурова, доценты – А.Г.Кан, Г.Н. Мухамадиева, Е.Т.Алимулов, А.Б. Шарипова. Программа включала теоретические, правовые и практические основы организации деятельности органов прокуратуры. На занятиях были освещены темы конституционно-правовых основ правозащитной деятельности прокуратуры, уголовно-процессуального законодательства, психологии профессионального общения, информационной безопасности и другие.

Активное участие слушателей в практических занятиях, деловых играх и тренингах позволило работникам прокуратуры обменяться опытом, повысить свое профессиональное мастерство и ознакомиться с новыми методиками организации работы.

Асель ШАРИПОВА,
к.ю.н., кафедра уголовного права,
уголовного процесса и криминалистики



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Конрад Аденауэр атындағы қормен ресми ынтымақтастығы күн өткен сайын артып келеді. Бұл қор Германия Федеративтік Республикасының саяси қоры болып табылады. Өзінің бағдарламалары мен жобалары арқылы аталмыш қор халықаралық әріптестік пен түсіністіктің дамуына белсенді түрде ат салысуда. Қазақстандық жоғары оқу орындарына бағытталған қордың басым бағыттарының бірі – саяси білім беру болып табылады. Халықаралық қатынастар факультеті аталған қормен ынтымақтастықты арттыра отырып, студенттерге арналған Sur-place гранттарын иеленуге, біріккен ғылыми жобалар мен ортақ іс-шараларды өткізуге жол ашып отыр.

Халықаралық қатынастар факультетінде жуырда Конрад Аденауэр қорымен бірігіп ұйымдастырылған «Еуразия кеңістігіндегі энергетикалық трендтер» атты халықаралық ғылыми конференция болып өтті. Шараға Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Йорн Розенберг, Конрад Аденауэр қорының Қазақстандағы басшысы Томас Хельм және алыс-жақын шет елдерден ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Конференцияның ашылу салтанатында сөз алған халықаралық қатынастар факультетінің деканы С.Ж.Айдарбаев Германия Федеративтік Республикасының дипломатиялық корпусымен, германиялық ЖОО-лармен және Конрад Аденауэр сынды ықпалды халықаралық қорлармен байланыс орнату факультет үшін ғана емес, университет деңгейінде маңызды екендігін атап өтті. Өз кезегінде Бас консул Йорн Розенберг пен қордың Қазақстандағы басшысы Томас Хельм өз тараптарының да

біздің университетпен ынтымақтастықты арттыруға дайын екендіктерін жеткізді.

Конференция барысында көтерілген тақырыптар мен сарапшылардың пікірлері қатысушылар мен студенттер арасында қызу талқыға салынды. Тың ойлар мен жана көзқарастар студенттердің ғылымға деген ынта-жігерлерін арттыра түскені анық.

Сөз соңында конференцияны ұйымдастырғаны және Конрад Аденауэр қорымен, Герман Федеративтік Республикасының дипломатиялық өкілдерімен ресми байланыс орнатқаны үшін халықаралық қатынастар факультеті жанындағы «Герман зерттеу орталығы» қызметкерлеріне алғыс білдіреміз.

М.Ш. ГУБАЙДУЛЛИНА,
халықаралық қатынастар
факультетінің профессоры;

Д.К. ЖЕКЕНОВ,
халықаралық қатынастар факультетінің
PhD докторы

Жалғасы. Басы 1-бетте

Орталық алғаш рет 2001 жылы Қазақ фольклористикасы оқу-зерттеу лабораториясы деген атпен ашылған болатын. Лабораторияның тұңғыш меңгерушісі, ғылыми жетекшісі болып атақты Сүйінбай жыраудың шөбересі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбаев тағайындалған еді.

Ал 2016 жылдың 28 ақпаны қарсаңында ұлтымыздың ұлы тұлғасы Жамбыл Жабаевтың туғанына 170 жыл толуы құрметіне орай университет ректоры, академик Ғалым Мұтанұлының ұсынысымен даңқты жыраудың есімімен Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығы болып өзгертілді.

Токтала кетер болсақ, жыр жүйрігі Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойы қарсаңында «Жамбылдың ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция кең көлемде аталып өткізілген болатын. Шара аясында «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген Жамбыл Жабаевтың екі томдық таңдамалы шығармалар жинағының тұсауы кесілді. Екі томдық қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың 1937, 1940, 1955, 1977, 1982, 1996, 2014 жылдары түрлі баспалардан және 2010 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультетінің жанындағы Қазақ фольклористикасы оқу-зерттеу лабораториясы жарыққа шығарған нұсқаларының негізінде құрастырылды. Жинаққа Жамбылдың дастандары, айтыстары және ҚазҰУ-дың жамбылтанушы ғалымдарының зерттеулері енгізілді.

ЖАҢАША БАҒЫТТАҒЫ ЖҰМЫС



Сондай-ақ, орталық XIX ғасырда Петербург, Қазан және Орынбор, Уфа қалаларында араб әрпімен жарияланған сирек кітаптарды бүгінгі кириллицаға аударып бастыруда елеулі жұмыстар атқарды. Мысалы, көрнекті фольклорист-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбаевтың жалпы редакциялық басқаруымен Ыбырай (Ибраһим) Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (2003), «Образцы казахской народной литературы» (2004), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (2005), Спандияр Көбеев. Таңдамалы шығармалар. (2006), «Қыз Жібек» (лиро-эпос) 2008

жылы, «Сөз асылы сөзде» (қанатты сөздер) С.Садырбаев (2009), Жамбыл Жабаевтың 2 томдық шығармалар жинағы (2010), «Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері» (2012), «Қазақ халық әдебиетінің хрестоматиясы» (2015), доцент М.Үмбетбаевтың «Қазақ-қырғыз халық ақындары» деген оқу құралы 2017 жылы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрді.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ-дағы Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығы негізінен қазақ халық ауыз әдебиеті мен көркем жазба әдебиетінің келелі мәселелерін жан-жақты зерделеу, қазіргі

ұлттық методология, әдістеме тұрғысынан таразылау жұмыстарымен шұғылданады. Сонымен қатар өзге де түркі тілді этностардың фольклорлық мұраларындағы ортақ сюжеттер мен айырмашылықтарды да тауып, салыстыра қарап, оларға тән ортақ заңдылықтарды ашу, дәлелдеу бағытын ұстанады. Қазақ көркем жазба әдебиетінің бұрынғы және бүгінгі поэтикалық, прозалық шығармаларын жаңаша көзқарас тұрғысынан бағалап, сараптайды. Осы бағытта республикамыздағы әдебиетші ғалымдарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартып, олардың монографиялары мен әдеби әдістемелік оқу құралдарын «Қазақ университеті» баспасынан шығаруға қолғабыс жасайды.

Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығы ғылымға жаны құмар жастарды қолдау мақсатында факультет студенттеріне әрдайым шәкіртақы тағайындап, қолдау көрсетіп келеді.

Қорыта келе, Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығы еліміздегі университеттер мен педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттарына арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен оқу құралдарын дайындау ісіне өзіндік үлесін қоса бермек.

Ардақ КӘКІМОВА,
Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен
әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығының
жетекшісі маманы

Мойынқұмның сұрқай қызғылт құмды, маң даласында жортқан жолаушының көзін аулайтын аң да, құс та көп. Ал, өсімдік дегенде, алдымен көзге ілінері –жусаны мен жантағы, торы тобылғысы, изені мен шиі емес, бетпақтың қызғылт құмына тамырын терең жайған, басқа аймақтардағы қызылды-жасылды өскіндердей бірден көз тарта қоймайтын, аптап ыстық пен сүргін жауынға жалаңаш денесін төсеп, міз бақпайтын, шымға біткен шымыр, буылтық-буылтық бітімді, көз алдыңызға қазіргі заманғы культуристі, я болмаса трикстерді елестететін – барша жаратылыс иесінің өзі жаратқан құм перзенті– сексеуіл. Оны Мойынқұм даласының қаһарманы десе болғандай.

Қайбір заманда аштықтан арыған, суыққа тонған шақта сексеуілдің жанға жігер берер жытын жұтып жігерленіп, жаны мен тәнін жылытып, қайыра атына қонып, жауына селебе сілтеген казактың ендігі ұрпағы селдіреп қалған сексеуілге селебе сілтемесе дейсің... Құмды даланың төл перзентін бұтарлап отқа салудан тыйылса шіркіндер.. Әлі күнге туған-өскен жердің кейбір түйткілдері толғандырады. Сексеуілсіз құм көріксіз. Сексеуілінен айрылған құм көшеді... Қашанғы әдетінше ой қуған ғалымның көз алдына тағы да құм сапырған дауыл мен жауынға, табиғаттың небір сұрапылына мыңқ етпей өсіп, кемел шағына жеткен сіңірлі сексеуіл елестеді. Иә, өзі де ғылымның қиыр жолында шынығып, шырғып тарамыстанған әлгі өскінге ұқсайтындай. Мәуелі бәйтеректің жапырақтарындай жамыраған жас шәкірттерін көргенде маркаймаска шарасы жок.

1948 жылдың көктемінде Жамбыл облысы Шу ауданы Ақтөбе ауылында дүниеге келген мүбәрәк жүзді сәби, белгілі ұстаз-ғалым Мүбәрәк Бейсенбекұлы Үмбетаев болатын. 1971 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың филология факультетін бітіріп келіп, бала шағынан әкесіне, атасына ілесіп талай аң-құс қуған көршілес Мойынқұм ауданының Айдарлы ауылында еңбек жолын бастайды. Ерке Шудың сылдыры мен анасының әлдиі, көршілес құмды ауылда аңшылық құратын құймақұлақ қара шалдың тобылғы сапты қамшыны асқан бір шеберлікпен өре отырып айтатын ертегіге бергісіз әңгімелері жас Мүбәрәктің сөз өнеріне деген ықыласын ерте оятқан еді. Оның үстіне Мойынқұм даласының сиқырлы суреттері қиялшыл жастың жүрегіндегі өзіне де белгісіз құбылысты түртіп оятып, тыным бермейтіндей. Өлең, мақала жазып, ой қуатын болды. Мектептегі шәкірттеріне де ынтасы ерекше. Ақыры ауылдағы шәкірттерімен әрең коштасып, Алматыға аттанады. 1977 жылы өзі қабырғасынан шыққан қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының аспирантурасына қабылданады. Аспирант М.Б.Үмбетаевқа Сүйінбай Аронұлының шығармашылығын зерттеу міндеті қойылады. Арманын арқалаған жас «инемен құдық қазғандай» ғылым жолына бел шеше кіріскенін өзі де аңғармай қалады. Шынында, шыр етіп дүниеге келген адамзаттың туған-өскен топырағының табиғатына тартпасы кемде-кем болса керек. Жас Мүбәрәктің бойына өзі туған Шу өлкесі қамысы тербелген момақан, ойшыл қалпын, қызғалдағы мен сарғалдағының көктегі күнмен ойнап, жалт-жұлт еткен жайсан, жарқын мінезін, жастық шағы өткен құмды дала түсіне эпос батырларындай жиі енетін сексеуілдің безіндей тас түйін жігер, төзім сыйлапты. Білім мен ғылым жолына түскен абзал жанға керегі де осы еді... Алайда, жас ғалым сөз сүлейі атанған Сүйінбайдың ақындық өнері



бүкіл шығармашылық ғұмырына өзек болар түгесілмес қазынасына айналарын ол кезде түйсінген жоқ. Қазақстан, Қырғызстан тарихи архивтерін, Ғылым академиясының қолжазба қорларын, Фрунзе (қазіргі Бішкек), Ташкент, Қазан, Уфа шаһарларын аралап, тынымсыз ізденіс нәтижесінде 1981 жылы «Сүйінбай Аронұлының поэзиясы және оның тарихи негіздері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. 1977-1986 жылдары ҚазМУ-да диалектология және фольклористика бөлімінің менгерушісі, 1987-1995 жылдары қазіргі ҚазқызМемПУ-де аға оқытушы, доцент міндеттерін атқарады. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мүбәрәк Бейсенбекұлы қазір аты әлемге танылған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының тәжірибелі ұстазы, Жамбыл атындағы қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми зерттеу орталығының директоры міндеттерін атқарады.

Иә, «дүние де өзі, мал да өзі» дейтін ғылым жолы. Алайда, алмағайып уақыт келді. Құбылып тұрған дүние: бірде бетін берсе, енді бірде кері айналып, көз алдайды. Ғылым малға, мал мансапқа айналып жатқан кез де өтті. Бірақ, ол өзінің табан ақы, маңдай теріне ғана сенетін, «ақ жүріп, адал тұратын» қарапайым қалпынан танбады. Аумалы-төкпелі нарық кезені қыспаққа алғанда да, ғылымнан қол үзген жоқ, керісінше соңына шырақ алып түскендей болды. Мүбәрәк Бейсенбекұлының докторлық қорғап, профессор атағын алуға мүмкіндігі де, ғалымдық қарымы да жеткілікті еді. Бірақ, ол ғалым атанудың заңдастырылған сүрлеуінен өтпей-ақ, Абай айтқан «шын ғалымша» өмір сүріп, еңбектенудің азабы мен рахатын әлдеқашан сезінген еді. Тіпті, ол осы күнде тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп жатқан марапат-атақтарды қаперіне алған да емес. Қызықтырғаны – аудиторияда алдында отырған өңкей өрімдей жастардың болашағы. Ертеңгі елдің өмірін көркейтетін солар.. Өзі де сондай өрімдей жастан өсіп шықты емес пе? Шіркін, сондағы өзінің ұстаздары қандай еді? Компьютерлік технология болмаған сол уақытта дәріс оқыған білімпаз ұстаздарының ауызша мүдірмей оқитын дәрістері санада жатталып қалушы еді... Неткен кеменгер, кемел жандар еді...

Ал, Мүбәрәк Үмбетаевтың сонау ұлы Әуезовтің академиялық шешендік дәстүрі мен қазіргі инновациялық оқыту әдісін шығармашылықпен ұштастырып келе жатқан нағыз «еңбек торысы», зиялы ғалым екеніне оның ғылыми шығармашылық еңбектері дәлел екені анық. Бүгінде инновациялық оқытудың ең басты құжаты оқу бағдарламасы болса, бұл мәселеге ұстаз Үмбетаев аса үлкен жауапкершілікпен қарайтынын және оны мінсіз жасайтынын әріптестері әлдеқашан мойындаған. Көз майын тауысып, түн ортасына дейін қағаз-кітапқа, я компьютерге қадалып отыру әдетіне айналғалы қашан. Жары Зейнегүл, келін-бала, немерелері де бұған үйренгенді. «Шаршадым, талдым» демейтін туа бітті төзімнің, ешкімнің көзіне еленбей төгілген тердің қайтарымы да өзі үшін – отбасы бақыты, көз алдында отырған өрімдей шәкірттері, қала берді солар қолтықтап жүрген өз еңбектері...

Бүгінгі талапшыл шәкірт аудиторияда бос сөзбен уақыт өткізетін оқытушыға емес, білім-білігі шәкіртінен он есе асып түсіп жататын, оқытудың заманауи тәсілдерін, алуан әдістерді шығармашылықпен үйлестіре алатын өз ісінің шебері дейтіндей оқытушыға зәру болса, осы олқылықтың орнын толтырып жүрген ұстаздың бірі де бірегейі М.Б.Үмбетаев болса керек.

Мүбәрәк Бейсенбекұлы «Пірім менің – Сүйінбай» (Қазақ университеті, 1992), «Ақындық өнер өрісі» («Қазақ университеті», 2003), «Импровизация и жизнь» («Қазақ университеті», 2004), «Еншілес ел ақындары» («Қазақ университеті», 2007), «Өтеген батыр тұлғасының әдеби-тарихи негіздері» («Қазақ университеті», 2012), «Сүйінбай». Монография. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2015), «Сүйінбай айтыстары және өмір шындығы: монография» («Қазақ университеті», 2015), «Қазақ-қырғыз халық ақындары: оқу құралы» («Қазақ университеті», 2017), «Көңілдің кейбір кездері: әдеби толғаныстар мен пайымдар» («Дәуір», 2018) атты еңбектерін жазып, жариялаған танымал әдебиеттанушылар қатарында деуге болады.

Мүбәрәк Үмбетаев «Сүйінбай айтыстары және өмір шындығы» атты монографиясында «Айтыс өнерінің алтын дінгегі», жыр алыбы Жамбылдың ұлы ұстазы, халық ақыны атанған Сүйінбай Аронұлының шығармашылық мұрасын жүйелі-кешенді түрде терең зерттейді. Сонау 1920 жылдардан бастап кешегі тәуелсіздік алған кезеңге дейінгі Сүйінбайдың өлең, толғау, айтыстарының жиналу, жариялану ісінің бірде-бірін ғылыми назарынан қалт жібермейді. Ақын мұрасының зерттеу нысанасына айналуын, әдебиеттен басқа да өнер туындыларында Сүйінбай бейнесінің жасалуы мәселесіне ерекше тоқталады. Сүйінбай ақынның өмірбаянын зерттегенде М.Үмбетаев биографиялық әдістің де оң нәтижелерін ескереді, ақынның өмір сүрген ортасы, сызба арқылы оның ата-тегінің этникалық құрылысын көрсетеді. Ғалым осы орайда атакты А.Н. Веселовскийдің «художник воспитывается на почве человека» деген афоризмін ескереді. Әрине, біз шағын мақаламызда тұтастай жүйелі ғылыми талдау-талқыдан өтіп, жарық көрген еңбекті жіліктей талдаудан аулақпыз. Әйтсе де, орыс текстологы Н.Н.Михайлов айтқандай, «кандидаттық, я докторлық дәреже алу үшін ғана» (2,56) қорғамаған,

тұрмыстың илеуіне қарамастан ғылымға жанкештілікпен берілген, осы күні өзге «ғалыммын» дегендерден әлдеқайда мойны озық, әдебиеттанушы деген атағы жалпақ жұртқа танылған Мүбәрәк Үмбетаевтың ғылыми шығармашылық ізденістерімен қоса, кісілік, ұстаздық келбетін сөз етпекпіз.

Зерттеуші М.Б.Үмбетаев өзінің толассыз ізденісі нәтижесінде, туыстас халықтардың импровизатор ақындарының адам, дүние, жаратылыс, ғарыш жайлы дүниетанымының ортақ сипаттарын, шығармашылық өнерінің даралығын, көркемдік-эстетикалық танымын тарихи-салыстырмалы, жүйелі-кешенді әдістер тұрғысында зерттеп, тың ғылыми тұжырымдарға қол жеткізді. Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай, Мұрат, Майлыкожа, Жанак, Жамбыл, Бақтыбай және Қалығұл, Арыстанбек, Солтобай, Жеңіжок, Токтоғұл, Тоголок Молдо, Молло Нияз, Молдо Бағыш сияқты жыр дүлдiлдерінің өлең-жырларын салыстыра зерттеу ісін алғаш ғылыми айналымға енгізеді. Санлақ ғалымның еңбектері жаңашыл бағыттағы зерттеу ауқымынан табылатыны даусыз. Сондықтан оның еңбектері еліміздің бәсекеге қабілетті жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде оқытылуға тиіс пәндердің бірі болып табылады.

Қырғыз-қазаққа танымал ғалым Мүбәрәк Үмбетаевтың ақиық ақын Сүйінбай Аронұлының ақындық, күрескерлік тұлғасын сомдаған «Сүйінбай мен Тезек төре» атты тарихи-музыкалық драмасын өз алдына сөз етуге тұрарлық көркем туынды деп білуге болады. Екі перделі, жеті суретті тарихи-музыкалық драма ел қорғаны болған замана бұлбұлы, от тілді ақын Сүйінбай Аронұлының тарихи-әдеби бейнесін жасауымен, нақты өмірлік деректер негізінде сол тарихи кезең шындығының сырын ашуымен, Сүйінбайдың ақындық ортасын шынайы бейнелеп, қазақ-қырғыздың асып-тасқан, халыққа тізесін батырған жікшіл, рушыл бай-манап, болыс-сұлтандарының сатиралық бейнесін сахна төрінде аяусыз әшкере етуімен көрерменнің көңілінен шығатын туынды деп бағалауға болар деп ойлаймыз. Сондай-ақ, ұстаз-ғалым М. Үмбетаев «Көңілдің кейбір кездері: әдеби толғаныстар мен пайымдар» («Дәуір», 2018) атты жуықта жарық көрген кітабында қырық жеті жылға жуық ұстаздық-ғалымдық шығармашылық ғұмыры мен адами өмір-тағдырынан түйгендерін әңгіме, өлең-жыр, пьеса, шығармашылық портрет жанрында оқырманға ұсынады. Жалпы, шеберлік, дарын көпқырлы деген емес пе?

Сонымен, бүгінде әдебиеттану ғылымында есімі танымал ғалым Мүбәрәк Үмбетаевтың монографиялық зерттеулері, оқулықтары мен оқу құралдары, бағдарламалары, іс-тәжірибесі қазіргі таңдағы бәсекеге қабілетті білім беру жүйесінде, инновациялық оқыту үдерісінде пайдалануда тиімді, ғылыми әлеуеті аса мәнді еңбектер болып табылады. Сондықтан қырық жылдан аса уақыт ғылымның қия жолымен өркениет көшіне ілескен, әлем таныған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тынымсыз еңбек етіп, оның дамуына өз үлесін қосып келе жатқан Мүбәрәк Бейсенбекұлы Үмбетаев қоғамда ұстаздық, ғалымдық, адамгершілік пайым-парасатымен, «шын ғалымды көрсеніз» деп Абай айтқандай, өз ісіне берілген шынайы ұстаз-ғалым. Шынайы құрметке лайық абзал азамат екені рас. Жаны жайсан, жақсы ағаның жетпісі жемісті болсын демекпіз. Барша факультет ұжымы атынан мерейтойымен шын жүректен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық, ауызбіршілік, бақ-береке тілейміз.

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА,

профессор м.а.

Шығыстану факультетінде «Шығыс поэзиясы: Абай мен Нима, Мұқағали мен Орхан Вели» атты халықаралық поэзия кеші өтті

ЖАСТАР – БОЛАШАҚҚА ЖОЛ БАСТАР

Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, рухани кеңістігімізді жаңғырта отырып, өркениет жолындағы өз соқпағымызды адаспай тауып, алға жылжу – әрбір ұлт азаматының көкейіндегі арманы, алдына қойған мақсаты болуы тиіс. Бұл мәселе – замана талабынан шығу, жаһандық көшке ілесу барысында бұлжымас әдетімізге, айқын ұстанымымызға айналғаны ауадай қажет. Бұл күндері еліміздің барлық өңірінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде аталған мәселелер жан-жақты насихатталып, көпшілік тарапынан кең қолдауға ие болып келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бастамасымен құрылып, жақында алғашқы жиыны өткен Университеттер альянсының да негізгі жұмысы жастардың осы іске белсенді араласуына мүмкіндік беретінін, мүдделілік танытатынын ерекше айтқымыз келеді.



Осы орайда «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» мемлекеттік мекемесі 2018 жылдың 7 ақпаны мен 7 желтоқсаны аралығында жоспарлы түрде «Рухани жаңғыру: болашаққа бастар жол» деген атпен жоғары оқу орындары студенттерінің қатысуымен семинар-тренинг өткізуді қолға алды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың концептуалдық идеялары мен жаһандық бастамаларын жан-жақты насихаттайтын, қазақстандық жастардың патриоттық сезімін арттыруға және әлеуметтік-азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған екі күндік семинар-тренингке әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың белсенді жастары да қатысып қайтты.

Елбасы мақаласын терең талдап, жете түсіндіруге бағытталған білікті, тәжірибелі мамандар – Ғазиз Телебаев, Күнзия Үмбетова, Сағынтай Бердағұлова, Ақбота Хамитованың «Бәсекелік қабілет – ұлттың ХХІ ғасырдағы жаңғыруы», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Сананың ашықтығы – болашаққа бастар жол», «Қазақстанның тарихи жолы және эволюциялық дамуы» тақырыптарында оқыған дәрістерін, өткізген семинар-тренингтерін тындап, қатысып қана қоймай, көкейдегі сауалдарына да тұщымды жауап ала алды. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттерімен бірлесіп, бірнеше шағын топтарға бөлініп, «Туған жер» туристік жобасын әзірлеуге қатысты. Тың ұсыныстарымен және тапқыр шешімдерімен көзге түсіп, ел өміріндегі жастар саясатының, ықпалының өзіндік орны бар екенін, өз ұстанымдарының ел болашағына тигізер әсерін байқатып, өзіндік қабілетімен, басқарушылық дарынымен көзге түскендер аз болмады. Семинар-тренинг барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әсет Қалдыбай, Мадина Искакова, Аия Қалмақпаева, Назерке Шырақбаева, т.б. студенттерінің белсенділігі, жауапкершілігі ерекше байқалды.

Ал «Қазақстан жолы» интерактивті ғылыми-білім беру орталығындағы топ-топка бөлініп, жобаларын қорғауы семинардың ең бір қызыққа, ұмтылмас сәттерге толы кезеңі болды. Ұлтымыздың жүріп өткен жолы, түрлі қоғамдық өзгерістердің әсер-ықпалы, жана

дәуірге қадам басқан кездегі ұстанған бағыты, сарабал саясаты туралы терең талдауларға, жаңаша көзқарас, зерделеулерге негізделген жобаларынан еліміздің шежірелі тарихына, өткен кезеңдері мен бүгінгі бейнесіне, болашақ беталысына бей-жай қарамайтын ұлтжанды ұрпақтың, отансүйгіш білімгерлердің аяқ алысына куә болдық. Елбасы мақаласында көтерілген көкейкесті мәселелерге қатысты өздерінің тың көзқарастарын, жаңашыл пайымдауларын ортаға салып, ел болашағына қосар үлестерін жауапкершілікпен сезініп, ел мен жер тарихына, тіл тағдырына каншалықты алаңдайтындарын байқатты. Мұның бәрі өзара пікір алмасу, диалог құру, жоба қорғау сәтінде, психологиялық жаттығулар мен командалық сайыстар тұсында айқын аңғарылып, білім, біліктілік деңгейлерінің тыңғылықты, тиянақты екендіктерін байқатты.

Елбасы Н.Назарбаев мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деп атап көрсеткендей, қоғамдағы сан алуан өзгерістерге, жаңа технологиялар мен ақпарат айдынындағы заманауи талаптарға білім биігінен көрінгендер ғана тайталаса алатынын ұғына түсті.

Елбасының жеке кітапханасы негізінде жасакталған кітапхана қорымен, қызметі мен өмір жолын сипаттайтын музейімен, Қазақстан Республикасының ұлттық мұражаймен танысып, құнды жәдігерліктерді көзбен көру бақытына ие болды. Шара соңында қазақстандық танымал тұлғалардан тұратын «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы, кәсіпкер Анатолий Добровольцевпен кездесіп, бизнес әліппесінің қыр-сырына қанықты. Елбасы кітапханасының басшылығы семинар-тренингке қатысушыларға сертификат тапсырып, мәңгілік ел мұраты жолындағы ізденістеріне, ұлтымыздың рухани жаңғыру саласындағы баянды істеріне сәттілік тіледі.

Шоқан ШОРТАНБАЕВ,

аға куратор-ұйымдастырушы

ҚАЗАҚСТАН – БҰҰ: тәжірибе, жетістіктер және ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ болашағы

Жуырда «Қазақстан» қонақүйінде Қазақстандағы Біріккен ұлттар ұйымының 25 жылдығына арналған арнайы кездесу болып өтті. Отырысқа Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек, ҚР СІМ министрі Қайрат Әбдірахманов, БҰҰ-ның арнайы өкілі Наталья Герман, ҚР бұрынғы Сыртқы істер министрі Ақмарал Арыстанбекова, БҰҰ-ның Қазақстандағы бұрынғы тұрақты үйлестірушілері – Найджел Рингроуз бен Норимаса Шимомура қатысты. Сонымен қатар, бас консулдар, атап айтсақ, ҚХР-дан Чжан Вэй, Франциядан Патрик Ренар, Ресейден Алексей Демин және АҚШ-тан Марк Мудидің құттықтау тілектерін білдіргенін айта кеткен жөн. Біріккен ұлттар ұйымының әйелдер өкілдігінен арнайы баяндама жасағандардың қатарында БҰҰ босқындар үшін жоғары комиссарының өкілі Ясуко Ода, БҰҰ-ның Тұрақты дамуға жәрдемдесу туралы сөзін жеткізген Кристина Пиккат, гендерлік теңдік жөнінде өз пікірін білдірген БҰҰ-ның Әйелдер өкілі Илейн М.Конкиевич ханымдар бар.

Төрт сағатқа жуық уақытқа созылған арнайы кездесуді Қазақстан Республикасындағы Біріккен ұлттар ұйымының қоғамдық ақпарат департаментінің өкілі Властимил Самек пен Қазақстан Республикасының Алматы қаласындағы Сыртқы істер министрлігі өкілдігінің басшысы Руслан Бөлтіріков жүргізді. Жиында оқылған баяндамалардың дені ағылшын тілінде болды. Біріккен ұлттар ұйымындағы халықаралық қатынас тілдері ретінде тіркелген француз, қытай, орыс тілдерінде де сөйлеген спикерлер болды. Алғашқы бес спикердің қатарында болған Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек мырза өз кезегінде құттықтауын қазақ тілінде жеткізді. Мінберге көтерілген қала әкімі:

«Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Алматыны ел тәуелсіздігінің алтын бесігі деп атайды. Осы шаһарда Ата-заңымыз Конституция, ел егемендігі туралы декларация, мемлекеттік рәміздер, ұлттық теңгеміз қалыптасып, қабылданған. Әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан бас тарту, Семей полигонын жабу, ядролық қарудан азат аймақ туралы келісім және тағы басқа Алматыда көтерілген жаһандық бастамаларды БҰҰ мен Дүниежүзілік қауымдастық қолдады. Біз БҰҰ-ның мемлекетіміздің қалыптасуына қосқан үлесін жоғары бағалаймыз. Тұңғыш резидент-үйлестіруші Найджел Рингроуз мырзаға ерекше алғыс білдіремін. БҰҰ-ның Қазақстандағы ең алғашқы кеңсесінің осы «Қазақстан» қонақ үйінде орналасқанын ескерсек, бүгін сіз ерекше тебіреністе отырған боларсыз деп ойлаймын. Өздеріңіз білетіндей, Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында Тәуелсіздік жылдары Алматының экономикасы 100 есе артты. Оның ел экономикасындағы үлесі 23%-ға жетті. Алматы – биыл 20 жылдық мерейтойын атап өтетін біздің еңселі Елордамыз Астана қаласымен егіз ұғымға айналған жеке капитал және бизнес қаласы», – деп бастады сөзін. Одан кейін Алматы қаласының экономикалық

һәм шағын және орта бизнесті дамыту жоспарының ахуалына тоқталып, қала халқына жасалынып отырған қолайлы жағдайды, 2015 жылы БҰҰ-ның 70 жылдығына орай жүзеге асқан шараларды қорытындылап, Алматы-2020 бағытының жоспарларымен бөлісе келе, БҰҰ-ның еліміздегі мүшелеріне, тұрақты консулдарға, қоғамдық ақпарат департаментіне алғысын білдірді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов та өз кезегінде: «Қазақстандағы БҰҰ-ның 25 жылдық мерейтойына қатысуға келген баршанызға алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер. Өздеріңізге мәлім, БҰҰ-ның кеңсесі Қазақстанда алғаш рет 1993 жылдың 15 ақпанында ашылған. Содан бері Қазақстан мен Біріккен ұлттар ұйымының арасындағы ынтымақтастық шын мәнінде стратегиялық сипатқа ие болды. Бүгінгі кездесу – бұл ынтымақтастық туралы пікір алысып, оны қалай дамыту жайлы ойларды ортаға салуға тамаша мүмкіндік. БҰҰ-ға қосылғаннан бері Қазақстан оның белсенді мүшесі әрі лайықты қолдаушысына айналды. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстандағы Біріккен ұлттар ұйымының қызметіне оң баға бере отырып, жоғарғы БҰҰ мінберінен өзінің жана бастамаларын жариялап келе жатыр», – деп пікір білдірді. Бұдан бөлек, Қайрат Әбдірахманов Сыртқы істер министрлігі мен БҰҰ-ның арасындағы бейбіт қарым-қатынастарды, әлем елдерімен экономикалық-саяси байланыстардың нығайғанын, алда жасайтын жобаларын, іске асып жатқан нысандарды тілге тиек етті.

Шара соңында UNAI мүше университеттерінің студенттері құттықтау тілектерін білдірді. Қазақ, орыс, француз, испан, қытай, ағылшын тілінде айтылған студенттердің жүрекжарды лебіздері арнайы жиынның шымылдығын жапты.

Әділет МӘДЕНИЕТ,

Студенттік медиа клуб



**28 февраля в КазНУ пройдет круглый стол на тему
«День в истории. Дата образования МАД «Невада-Семей»**

ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРМЕН ТАНЫСТЫ

Механика кафедрасының магистранттары «Энергияны сақтау және геоэнергетика» жазғы оқу бағдарламасы бойынша Польшаның Краков қаласындағы AGH ғылыми-техникалық университетінде шетелдік тағылымдамадан өтті.



Білімгерлер AGH университетінің профессорлары — Войчех Нова, Станислав Наги, PhD докторлар Томаш Члива, Станислав Лучинский сынды мамандардың дәрістерін тындады. Дәріс тақырыптары өнеркәсіптегі энергияны сақтау негіздері, жер асты табиғи газы және сутегіні сақтау, геотермалдық жүйелер мен ұнғымалық жылу алмастырғыштар, жер қыртысындағы сұйықтықты өлшеу және тау жыныстарының қасиеттерін анықтау сияқты кең ауқымды мәселелерді қамтыды.

Магистранттар энергия алу және сақтау әдістері туралы көптеген мағлұматтарға қанығып, практикалық сабақтар да өтті. Практикалық сабақтарда геотермалдық күн жылу сорғыларының жұмыс істеу ұзақтығы мен тиімділігін есептеп, күн коллекторлары, жылуалмастырғыштарымен танысты.

Сондай-ақ AGH университетінің «Centrum Energetyki» деп аталатын зертханаларына экскурсия жүргізілді. Болашақта жұмыс істейтін электромашиналардың модельдері үлкен қызығушылық тудырды. Бұрын газ кен орны болып табылған табиғи газды сақтауға арналған жер асты қоймасына апарып, су астына газды қалай енгізетіндіктері, қалай сақтайтындықтары және осы табиғи газды қалай кептіретіндіктері жайлы кеңінен түсіндірді.

Магистранттар Закопане тауларында орналасқан геотермалдық жылу зауытында да болды. Онда ұнғыма жылуалмастырғыштарының құрылымы, оларды енгізу және пайдалану, ескі ұнғымаларды төменгі жылу алмастырғыштар ретінде қолдану туралы бірнеше дәрістер тындады. Олар бірнеше ұнғыма орналасқан алаңда да болды. Бұл ұнғымаларды жаз мезгілінде энергия алу мақсатында және жақын жерде орналасқан аквапаркты қамтамасыз ету үшін пайдаланса, ал қыста энергия алу үшін ғана пайдаланады екен.

Бағдарлама бойынша магистранттар курс соңында емтихан тапсырып, нәтижесінде жақсы тәмамдағаны жөнінде сертификаттарға ие болды.

Магистранттардың әлемнің жетекші университеттеріне баруына және шет елдердің үздік профессорларының дәрістерін тындауына мүмкіндік бергені үшін университетке айтар алғысымыз шексіз. Бұл білімгерлердің білімін толықтырып қана қоймай, одан әрі жақсы оқуға және жан-жақты дамуға ынталандыратыны сөзсіз.

Д.Е. ТУРАЛИНА,
*механика кафедрасының
аға оқытушысы*

Бала күнімізде туып-өскен өлкемізден өзге жер жоқтай көрінетін. Бір күндері басқа елде өмір сүрермін-ау деген ой мүлдем келмейтін. Өсе келе өзге ұлт пен халық қалай өмір сүреді екен, теңіздің арғы бетіндегі ел қандай екен деген ойлар, бәлкім, барлығымызда да туындаған болар. Осылайша, өз басым мектеп қабырғасынан түлеп ұшып, үлкен өмірге қадам басар сәтте болашақ мамандығымды өзге ұлттың тілі мен мәдениетімен байланыстыруды жөн деп таптым. Таңдауым күншығыс еліне түсті.

Жазуы да, дыбысталуы да өзге, ешбір тілге ұқсамайтын жапон тіліне, оған қоса мәдениеті мен қоғамы ерекшеліктер мен қарама-қайшылықтарға толы Жапон еліне деген қызығушылығым мені Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетіне алып келді. Университет қабырғасында тілді меңгере отырып, бір күні осы елге шынымен де бара алатыныма сене бермейтінмін. Алайда, Алла қолдап, ұстаздарым мен университетімнің арқасында 3-курсты тәмамдағаннан кейін Токио шет тілдер университетіне ҚазҰУ-дың академиялық мобильділік және ISEPTUFS бағдарламасы бойынша айырбас студент ретінде қабылдандым. Жапониядағы оқуым мен тұрмысымды қабылдаушы жақ пен Jasso ұйымы қаржыландырып отыратын болды. Сол сәттен бастап студенттік өмірімдегі ең жауапты әрі қызықты кезең басталды.

Жапонияға келген алғашқы күнімді ешқашан ұмытпайтын шығармын. Айналам елестеткенімнен де өзгеше, жаңа бір дүниеге тап болғандай әсерде болдым. Дәл мен секілді басқа да Араб, Еуропа және Азия елдерінен келген, әлі Жапониядағы өмірдің қыр-сырынан бейхабар студенттер ұзақ жылдан бері таныс адамдарша тез-ақ достасып кеттік. Адам жақсы өмірге тез бейімделеді дейтіні рас екен. Қолайлы тұрмыс үшін барлық жағынан жағдай жасалған, оқу үшін ешқандай кедергі жоқ, жоғары технологиялармен жабдықталған оқу ғимараттары, үлкен кітапхана, оқу материалдары — барлығы да қолжетімді, ал студент үшін одан артық қандай арман болуы мүмкін?! Жапонияның білім беру жүйесі, ұстаздары жайлы бұрыннан білетінмін, алайда есту мен өз көзіңмен көріп-сезінген екі бөлек дүние екен. Бұл жерде сапалы білім алатыныма ешқандай күмән

Казахский национальный университет имени аль-Фараби является флагманом отечественного высшего образования, имеющий свою историю, обширную научно-образовательную базу и передовую систему образования. Я горжусь тем, что обучаюсь в КазНУ, где учились мои старшие сестры и старший брат. Как личность я выбираю самое лучшее и нацелен получить все самое нужное и полезное для своего багажа знаний, которые пригодятся мне в дальнейшем на пути построения карьерной лестницы.

Наш Глава государства отметил, что главное в жизни — это знания, высокий профессионализм и преданность своей Родине. «XXI век мы называем не только эпохой глобальных вызовов, но и временем молодых, энергичных и талантливых людей. Меня радует, что вы овладеваете знаниями, иностранными языками, стремитесь быть открытыми для инноваций. Среди вас немало ребят, чьи ум и знания уже сейчас приносят пользу Родине. Уверен, что совсем скоро мир узнает о новых казахстанских ученых, врачах, инженерах, музыкантах и спортсменах», — сказал Нурсултан Назарбаев.

Я призываю всех студентов моего университета и студентов других учебных заведений, а также всех людей с активной гражданской позицией к получению глубоких знаний и навыков, которые будут способствовать личностному росту и развитию страны. Для

ЖАПОНИЯДАҒЫ ӨМІРІМ – ҮЛКЕН БІР УНИВЕРСИТЕТ



туған емес. Мұндағы жастардың оқуға деген көзқарасы да өзгеше, әрдайым талпынып, бар жауапкершілікпен оқитыны, бос уақыттарын пайдалы іспен не болмаса кітапханалар мен дайындық бөлмелерінде өткізетіні — үлгі боларлық дүние. Мұнда өткізген әр күнім қызықты оқиғалар мен естеліктерге толы десем артық айтпаспын. Токио шет тілдер университетінен бөлек, ҚазҰУ-дың жиі қонағы болып тұратын Васеда университетінен де кейбір іс-шараларға шақырту келіп тұрады. Жакында жапон орта мектебінен шақырту алып, қазақ елінің мәдениеті жайлы кішігірім презентация жасау мүмкіндігі туды. Жапон оқушыларына Қазақстан жайлы аз да болсын мағлұмат бере алғаныма қуанып қалдым. Сонымен қатар, ерекше айтып өткім келетіні — университетте ұлттар достастығына арналған жыл сайын өткізіліп отыратын Гайгосай фестивалі. І апталық демалыста жапон студенттері неше түрлі ұлттың тағамдарын әзірлеп, театр қойылымдарын қойып, ойын-сауық бағдарламаларын ұйымдастырады, бұл фестиваль әр ұлттың дәстүрімен тереңірек танысуға мүмкіндік беретін керемет іс-шара.

Жапон халқы — өте еңбеккор халық,

жас-кәріге дейін барлығы еңбектенуден қашпайды. Уақытымды бос өткізбейін әрі тілімді жаттықтырайын деп мен де жергілікті конбиниге (24 сағат ашық тұратын дүкен) уақытша жұмысқа орналасқан болатынмын. Осылайша қарапайым студентке біліне бермейтін жапондықтардың күнделікті өмірі жайлы, қоғамы жайлы танымымды тереңдете бастадым.

Қорытындылай келе айтарым, қазақ жастары үшін шетелде білім алу мүмкіндігі жыл санап ұлғайып келеді. Жалпы, шетелдегі өмірімнің өзін бір үлкен университет деп білемін. Ол өз ұлттыңды қадірлеп, өзге ұлтты құрметтеуге баулиды. Ангельс айтқандай, тек өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Әр қазақстандық жас шет елде жиған ілім-білімімен қайта оралып, еліміздің көркеюіне үлес қосса, қазақ елі де болашақта дамыған алдыңғы қатарлы елдердің қатарынан көрінетін күн алыс емес.

Назерке ҚАЛМҰРЗАЕВА,
*Қиыр Шығыс кафедрасының
4-курс студенті;
Эдвайзері М.Т.ШАДАЕВА*

МОЙ ВЫБОР



получения знаний в нашем университете для развития молодого поколения предоставлены все инструменты и возможности. На территории кампуса расположена «Библиотека имени Аль-Фараби», и она является большим научным и образовательным достоянием всей Центральной Азии. Здесь собраны все труды отечественных и зарубежных ученых и исследователей разных эпох, научные и литературные книги, учебники и монографии и мн. др. Современные системы библиотечного дела улучшают процесс изучения учебников, пособий, книг и энциклопедий по всем сферам.

Центр искусства и спортивный комплекс с различными секциями служат для дальнейшего развития способностей студентов в искусстве и спорте. Ведь многие успешные выпускники арт-школ и спортивных школ выбирают КазНУ

как самый лучшего и современный университет, предлагающего все возможности для развития и раскрытия потенциала и таланта каждого студента.

Помимо научно-технической и образовательной базы, наш университет обладает обширной территорией с интересным ландшафтом и различными насаждениями и породами деревьев. Влияние силы природы на человека не передать словами, нужно ее чувствовать и беречь. Превосходная панорама красивейших гор Алатау с заснеженными вершинами вдохновляет на большие цели и мечты. Расположение университета в непосредственной близости с важными культурными, научными и экономическими объектами города Алматы позволяет посещать их и проводить досуг с пользой для подкрепления знаний и использовать свои навыки по специальности и развивать чувства причастности к решению общественных и республиканских задач. Человек живет только один раз, и если он удостоился возможности учиться в КазНУ имени аль-Фараби, то он должен приложить максимум усилий для получения знаний и использовать их в своей профессиональной деятельности и на благо развития нашей страны.

Куанышбек УЗБЕКОВ-САМЕДДИНИ,
*студент 1-го курса кафедры печати и
электронных СМИ*

ҚазҰУ-да ЖОО студенттері арасында «Адамдық негізі – өйел» тақырыбында «Ай-Ару» рухани танымдық қыздар орталығының І фестивалі өтті

Құқық қорғау қызметі негіздерін жаңғырту – заман талабы

Заң факультетінің «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасы Алматы қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының департаментімен бірлесе отырып «Құқық қорғау қызметінің негіздерін жаңғырту туралы заң жобасының негізгі ережелері туралы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Шараға Алматы қаласының прокуратура органдарының қызметкерлері, судьялар, адвокаттар, «Жаңару» републикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері және кафедраның оқытушы-профессорлық құрамы қатысты.

Дөңгелек үстел жұмысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процессуалдық негіздерін жаңғырту мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасын талқылауға бағытталды. Осыған орай теория мен тәжірибе бойынша мамандардың қатысуы басшылыққа алынды.

Аталған заң жобасы Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың заң шығарушылық бастамасымен ұсынылды. Заң жобасында Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Жедел-іздестіру қызметі туралы және



Прокуратура туралы заңдарына өзгерістер енгізу көзделген.

Заң жобасын шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Біріншісі, адам құқығы мен бостандықтарын қорғауды заң тарапынан күшейту, ал екіншісі қылмыстық процестегі уақыт пен мерзімдерді үнемдеу. Сонымен қатар заң жобасында көптеген жаңа институттар көрсетілген. Адам құқығын күшейтудегі жаңалықтарға келсек, соттың санкциясынсыз азаматтарды ұстау мерзімін 72-ден 48 сағатқа, ал көмелетке толмағандарды 24 сағатқа дейін қысқарту; экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының негіздерін азайту;

азаматтарға өздеріне қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабарлау міндеттілігі; адвокаттардың өтінішхат ұсыну мен дәлелдемелерді жинау бойынша құзыреттілігін кеңейту және т.б.

Қылмыстық процесті үнемдеуге бағытталған өзгерістердің санатында бұйрық өндірісі институтын енгізу және істерді электрондық форматқа ауыстыруды атауға болады.

Бұйрық өндірісі бойынша қылмыстық іс айқын және күдіктінің кінәлілігіне ешқандай күмән болмаған жағдайда, жеткілікті түрде дәлелдемелер табылғанда және жәбірленуші қарсы болмағанда жүргізіледі. Осындай істер тіркелгеннен бастап соттың айыптау үкімінің шығуына кететін мерзім

небәрі орташа есеппен 10 күн болуы қажет.

Қылмыстық процесті цифровизациялау бюрократиядан құтылуға, осылайша қажет анықтамалар мен келісімдерді жұмыс орнынан шықпай, электронды түрде алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ материалдарды жоғалту мен бұрмалау мән-жайларын болдырмайды.

Аталған мәселелер бойынша дөңгелек үстел барысында көптеген баяндамалар оқылды. Мәселен, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессорлары, з.ғ.д. А.Н. Ағыбаев, з.ғ.д. Г.А.Қуанәлиева, з.ғ.д. А.Е.Жатқанбаева, Д.А.Қонаев атындағы қылмыстық-құқықтық пәндер және құқық қорғау қызметі кафедрасының профессоры, з.ғ.д. Р.М.Әбдірашев, Алматы қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы департаменті төрағасының орынбасары М.М.Нұрабаев, «Жаңару» республикалық қоғамдық бірлестіктің директоры К.К.Усенов және т.б. Шара соңында нәтиже қорытындыланып, негізгі тұжырымдар мен ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Парламентіне жолдау ұйғарылды.

Г.А. ҚУАНӘЛИЕВА,
з.ғ.д., кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры м.а.;
Г.К. ШУЛАНБЕКОВА,
кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы

Президентом нашей страны определены 10 первоочередных задач, из которых седьмой пункт касается развития человеческого капитала. В развитии и процветании экономики нашей страны особо важное место занимает новый подход к качественной подготовке специалистов. В этой связи преподавателями кафедры педагогики образовательного менеджмента факультета философии и политологии КазНУ не только разрабатываются новейшие методики и спецкурсы для учебного процесса вуза, но и активно внедряются и находят положительные отклики в разных образовательных организациях.

Одной из приоритетных целей социальной политики Республики Казахстан является модернизация образования в направлении повышения доступности и качества всех категорий граждан. В связи с этим значительно возрос заказ общества на инклюзивное образование. И по запросам специального ясли-сада №143 г. Алматы

Арт-терапия



Институт повышения квалификации и факультет философии и политологии КазНУ имени аль-Фараби повысили квалификацию администрации и педагогам. Профессор Забира Мадалиева, доцент Зухра Садвакасова провели тренинги и обучили воспитателей современным подходам арт-терапии в работе с детьми с ограниченными возможностями. Комплекс техник как эффективный

инструментарий не только поможет педагогам в учебно-воспитательном процессе качественно и увлекательно вести занятия в детском саду, но и будет способствовать разностороннему и гармоничному развитию детей.

З.М. САДВАКАСОВА,
доцент кафедры педагогики и образовательного менеджмента

АЛТЫН КӨПІР



тілі мен мәдениетін каншалықты меңгергенін жиналғандарға мақтанышпен жеткізуге тырысты. Мерекеге сыйлы қонақ ретінде шақырылған ҚазҰУ-дағы қытай студенттері қазылар міндетін қоса атқарысты. Шың елінің ең қасиетті күндері болып табылатын «Чунцзе», яғни «Көктем мерекесі» атты осы бас қосуға кафедра студентерімен қатар факультет ұстаздары да белсене атсалысты.

Қытай тіліне қатысты әр түрлі сұрақтарға жауаптар қайтарылды. Аспан асты елінің мәдениеті мен тарихы жайындағы танымдық

мағлұматтар мен тың деректер жаңа қырынан айшықталды.

Кеш соңында екі ел азаматтары қытайдың әйгілі «Жан досым» (朋友) әнін қосыла шырқады. Осылайша жиналғандардың жүрек қылын қозғаған жастар өздерін болашақтың алтын көпірі ретінде өзге бір қырынан танытқандай әсер қалдырды.

Айгүл ЖҰМАБЕКТЕН,
жалты тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының оқытушысы

МИР В КАЖДОМ ДОМЕ!

Факультет философии и политологии, кафедра социологии и социальной работы в рамках проекта «Айналанды нурландыр» провели семинар-тренинг на тему «Превентивные техники и технологии вмешательства в работе с жертвами бытового насилия», проходящий под эгидой Организации Объединенных Наций под лозунгом «От мира в каждом доме – к миру во всем мире!».

Гостями данного мероприятия были президент ОФ «Института равных прав и равных возможностей Казахстана», директор приюта для жертв бытового насилия «ARASHA» М.А.Ускембаева, главный специалист института А.К.Жарменова, врач-трудотерапевт приюта С.Т.Ержигитова, докторант КазНУ, специалист приюта Е.Каденов и др.

В выступлениях были озвучены данные по предоставляемым услугам клиентам приюта, о механизмах работы с находящимися в течение шести месяцев в данном учреждении, о практике работы с жертвами бытового насилия, а также виды социальной помощи и социальной поддержки нуждающимся для возврата в нормальную жизнь. Слушатели также были проинформированы о совместной работе с государственными и общественными организациями, которые предоставляют необходимые социальные услуги пострадавшим.

В завершение тренинга студенты и магистранты отделений «Социология» и «Социальная работа» получили ответы на свои многочисленные вопросы.

З.Ж. ЖАНАЗАРОВА,
д.с.н., профессор кафедры социологии и социальной работы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. “Дәуір” ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 8 (727) 273-12-04

**Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3044**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.